

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 12 шілдедегі № 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 шілдеде № 33076 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 4-2/266 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларында:

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, жұмыс органы техникалық істен шығу пайда болған сәттен бастап дереу бұл туралы операторды хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған жұмыс органы қол қояды.

Жұмыс органы Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға (көрсетілетін қызметті берушіге), операторға және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4, 5, 6, 7, 8-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі*

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
1-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші, екінші
және үшінші көбейтілген
тұқым өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау
қағидаларына
2-қосымша

Бірегей тұқым өндірушілерге, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өсіру шаруашылықтарына, тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар

1. Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) бірегей тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

2) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған

ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

3) жалпы егіс алаңының кемінде 25 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

4) өндірілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы;

6) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқым өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

7) кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар кемінде дақыл жөніндегі бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен бірегей тұқым өндіру бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыруға жасалған шарттың болуы;

8) кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сұрыптың тұқым шаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персонал адамының болуы;

9) бірегей тұқым өндірудің дақыл мен сұрыптың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте қамтамасыз етілуі;

10) кейіннен элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сұрыптың бастапқы тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы;

11) бастапқы буындарды отырғызу үшін 100 пайыз, суперэлита үшін 50 пайыз қажеттілікте тұқымдарды сақтандыру қорларының болуы;

12) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы;

13) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік

басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

14) бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, жарамсыз деп тану, сұрыптық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалау), егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) жүргізу;

15) сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық нысандар, сұрып белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу;

16) тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының кемінде бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

2. Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен, игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

2) нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы;

3) жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

4) соңғы үш жылдағы түсімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап картоп пен күнбағыс өндірушілеріне қолданылмайды;

5) өндірілген элиталық тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын кемінде 25 пайыз қамтамасыз ету;

7) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 5-тен көп болмауы;

8) аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы;

9) суперэлитаны егуге қажеттіліктің 50 пайызы мөлшерінде тұқымның сақтандыру қорларының болуы;

10) дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы;

11) "Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 434 бұйрық) енгізілген сұрыптардың тұқымдарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы;

12) тұқым материалын өсіру жөніндегі жұмыстардың барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштері көрсетілетін құжаттаманы есепке алу мен жүргізуді ұйымдастыру;

13) элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқымдық материалының (бірегей тұқымдардың) болуы;

14) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге жасалған, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бірегей тұқымдарын жеткізу туралы (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін будандардың шыққан тегінің нысандарын, өздігінен тозанданған топтар және будандардың жеке түрлерін жеткізу туралы) шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап элиталық тұқымдарды (бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын) өндіруші бірегей тұқымдарды (будандардың шыққан тегінің нысандары, өздігінен тозанданған топтар және будандардың жеке түрлері) өндіруге аттестатталған сұрыптарға қолданылмайды;

15) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалған элиталық тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды;

16) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы;

17) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандаардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

18) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналын (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) жүргізу;

19) тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл бойы сақталуын ұйымдастыру;

20) жоспарланған жұмыстар көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы;

21) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

22) элиталық тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

3. Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) өндірілген тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы;

3) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы;

4) жалпы егіс алаңының кемінде 15 пайызын құрайтын тұқым шаруашылығы егістерінің болуы;

5) тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп болмауы;

6) аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сұрыптардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы;

7) аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзіміне және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзіміне жасалған, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өндірушісі элиталық тұқым өндіруге аттестатталған сорттарға қолданылмайды;

8) ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды;

9) нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау;

10) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс;

11) тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы;

12) дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы;

13) № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бірінші, екінші және үшінші репродукцияларының тұқымдарын өсіру схемаларының болуы;

14) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқым материалының болуы;

15) тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын

көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы;

16) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек, жаңғақжемісті дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

17) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдарға арналған куәліктер, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі, оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы қол қоюы тиіс) жүргізу;

18) тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде бір жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

4. Тұқым өткізушілерге қойылатын талаптар мыналарды қамтиды:

1) жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы;

2) кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда) жыл сайын жасалатын шарттың болуы;

3) тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы;

4) ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған техниканың болуы.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген талап тұқымдарды ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйде өткізетін тұқым шаруашылығы субъектілеріне қолданылмайды;

5) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасы, шыққан тегін есепке алу, тұқымның құжатталуы жөніндегі тұқымды есепке алу журналын жүргізу, ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс;

6) тұқымдарды сақтау және өткізу жөніндегі материалдардың кемінде екі жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының өсімдіктердің қорғалатын сұрыптарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сұрыптарының тұқымдарын өткізу кезінде "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес патент иесі (лицензиар) тұқым өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы;

8) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы.

5. Осы Талаптардың 1-тармағының 2), 3) және 11) тармақшаларында, 2-тармағының 1), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларында және 3-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген талаптар жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды.

6. Осы Талаптардың 1-тармағының 4) тармақшасында, 2-тармағының 5) және 11) тармақшаларында және 3-тармағының 1) және 13) тармақшаларында көрсетілген талаптар жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды.

7. Осы Талаптардың 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген талаптар жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
2-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші,
екінші және үшінші
көбейтілген тұқым
өндірушілерді,
тұқым өткізушілерді

Бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

2. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) / Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты _____

1) жерге арналған акт (құжаттың нөмірі) _____ ;

2) жерге арналған актінің берілген күні _____.

6. Жер учаскесін жалдау шарты:

| № | Кадастрлық нөмірі | Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы | Меншік иесі (құқық иеленуші) | Құқық туындайтын негіз | Жалдау мерзімі |
|---|-------------------|--|------------------------------|------------------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Жер учаскесінің алаңы (гектар) | Жерлердің санаты | Нысаналы мақсаты | Пайдалануға қойылған шектеулер мен ауыртпалықтар | Жер учаскесінің бөлінетіндігі | Жоспар шекарасындағы бөгде жер учаскелері |
|--------------------------------|------------------|------------------|--|-------------------------------|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың бар-жоғы туралы мәліметтер.

| № | Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Білімі бойынша мамандығы | Лауазымы | Мамандығы бойынша жұмыс өтілі |
|---|--|--------------------------|----------|-------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

8. Бірегей тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістің) болуы.

9. Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

10. Жалпы егіс алаңының кемінде 25 пайызы тұқым шаруашылығы егістері болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

11. Өндірілген бірегей тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен бірегей тұқым өндіру (бастапқы тұқым шаруашылығы) бойынша кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (бұл талап жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды):

| Құжаттың атауы | Бар-жоғы туралы мәліметтер (бар/жоқ) |
|-------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 | 2 |
| Егістерді байқаудан өткізу актісі | |
| Кіріске алу актісі | |
| Тұқымның кондициялығы туралы куәлік | |
| Тұқымдарды есепке алу журналы | |

12. Нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы.

13. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған бірегей тұқым өндірушінің аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер бірегей тұқымдар өндірушінің аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

| № | Қорытынды нөмірі | Қорытынды күні | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Қорытынды тұжырымы |
|---|------------------|----------------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

14. Кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі бар дақыл жөніндегі кемінде бір маман-селекционердің болуы немесе ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы

саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғамен жасалған бірегей тұқым өндіру жөніндегі бірлескен жұмысты жүзеге асыруға арналған шарттың болуы:

| № | Шарт нөмірі | Күні | Заңды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | БСН/ЖСН | Мекен-жайы |
|---|-------------|------|---|---------|------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

15. Кемінде бір агрономның және әр дақыл бойынша маманның, сондай-ақ дақыл мен сорттың тұқым шаруашылығы бойынша жұмысының айрықша әдістерін меңгерген кемінде үш техникалық персонал адамының болуы.

16. Дақыл мен сорттың биологиялық белгілері мен қасиеттерін ескеретін схемаларға қатаң сәйкестікте бірегей тұқым өндірудің қамтамасыз етілуі.

17. Кейіннен элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету мақсатында бірегей тұқымның жоспарланатын көлемін өндіруге қажетті түр-түрде және көлемде сорттың бастапқы тұқымдық материалының (жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімнің көшетін өндірушілер үшін аналық екпе ағаштардың) болуы.

18. Қажеттілік бойынша тұқым сақтандыру қорларының болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды):

- 1) бастапқы буындарды отырғызу үшін 100 пайыз;
- 2) суперэлита үшін 50.

19. Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктері түрлерінің бірегей тұқымдарын өндіру жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған селекциялық және тұқым шаруашылығы техникасының болуы.

20. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

21. Бірегей тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сорты бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған бірегей тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, жарамсыз деп тану, сорттық, түрлік және фитопатологиялық отау (тазалау), егістерді қабылдау және (

немесе) байқаудан өткізу, бірегей тұқымдарды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарды есепке алу журналы (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс), тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарға арналған аттестаттар) жүргізу.

22. Сұрыпты шығару әдісін, ата-аналық тегінің нысандары, сұрып белгілерінің ерекше сипаттамалары туралы мәліметтерді көрсететін сұрып жөніндегі құжаттаманы жүргізу.

23. Тұқым шаруашылығы жөніндегі есепке алу материалдарының бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
3-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші,
екінші және үшінші
көбейтілген тұқым
өндірушілерді,
тұқым өткізушілерді
аттестаттау қағидаларына
5-қосымша

Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Занды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

2. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) / Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты:

1) жерге арналған акт (құжаттың нөмірі) _____ ;

2) жерге арналған актінің берілген күні _____ .

6. Жер учаскесін жалдау шарты:

| № | Кадастрлық нөмірі | Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы | Меншік иесі (құқық иеленуші) | Құқық туындайтын негіз | Жалдау мерзімі |
|---|-------------------|--|------------------------------|------------------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| | | | | | |
|--------------------------------|------------------|------------------|--|-------------------------------|---|
| Жер учаскесінің алаңы (гектар) | Жерлердің санаты | Нысаналы мақсаты | Пайдалануға қойылған шектеулер мен ауыртпалықтар | Жер учаскесінің бөлінетіндігі | Жоспар шекарасындағы бөгде жер учаскелері |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

| | | | | |
|---|--|--------------------------|----------|-------------------------------|
| № | Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Білімі бойынша мамандығы | Лауазымы | Мамандығы бойынша жұмыс етілі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

8. Элиталық тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

9. Элиталық тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес салынған және кемінде бір ротациядан өткен игерілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

10. Нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеп-өсіру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес сұрыптық агротехниканың болуы.

11. Жалпы егіс алаңының кемінде 20 пайызы тұқым шаруашылығы егістері болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

12. Соңғы үш жылдағы түсімділіктің орташа облыстық көрсеткіштен жоғары болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін, картоп пен күнбағыс өндірушілерге қолданылмайды).

13. Өндірілген элиталық тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (бұл талап жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды):

| | |
|-------------------------------------|--------------------------------------|
| Құжаттың атауы | Бар-жоғы туралы мәліметтер (бар/жоқ) |
| 1 | 2 |
| Егістерді байқаудан өткізу актісі | |
| Кіріске алу актісі | |
| Тұқымның кондициялығы туралы куәлік | |
| Тұқымдарды есепке алу журналы | |

14. Жалпы өндіріс көлеміндегі қызметтің негізгі түрінің (элиталық тұқым шаруашылығы) үлес салмағын қамтамасыз ету – кемінде 25 пайыз (бұл талап

жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

15. Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 5-тен көп болмауы (бұл талап жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды).

16. Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9-дан көп болмауы (бұл талап жеміс-жидек дақылдарының, жаңғақ жемісті дақылдардың және жүзімнің көшеттерін өндірушілерге, сондай-ақ бір мезгілде бірегей тұқым өндірушілер болып табылатын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды).

17. Суперэлитаны егуге арналған қажеттіліктің 50 пайызы мөлшерінде тұқымның сақтандыру қорларының болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

18. Дақылдар мен сорттар бойынша сорт жаңарту жоспарының болуы.

19. "Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 434 бұйрық) енгізілген сұрыптардың тұқымдарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы (бұл талап жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

20. Тұқым материалын өңдеп-өсіру жөніндегі жұмыстардың барлық түрлері мен оның сапалық көрсеткіштерін есепке алуды ұйымдастыру және олар көрсетілетін құжаттаманы жүргізу.

21. Элиталық тұқымның жоспарланған мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқым материалының (бірегей тұқымдардың) болуы.

22. Аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап бірегей тұқым өндірушімен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге жасалған, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сорттардың бірегей тұқымдарын жеткізу туралы (бірінші ұрпақ будандарын өндірушілер үшін будандардың шыққан тегінің нысандарын, өздігінен тозанданған топтарды және будандардың жеке түрлерін жеткізу туралы) шарттың болуы (бұл талап элиталық тұқымдарды (бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын) өндіруші бірегей тұқымдарды (будандардың шыққан тегінің нысандары, өздігінен

тозаңданған топтар және будандардың жеке түрлері) өндіруге аттестатталған сұрыптарға қолданылмайды):

| № | Шарттың нөмірі | Күні | Тұқым жеткізушінің толық атауы | БСН/ ЖСН | Мекенжайы |
|---|----------------|------|--------------------------------|----------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

23. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалған элиталық тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы (бұл талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды):

| № | Шарттың нөмірі | Күні | Заңды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | БСН/ ЖСН | Мекенжайы |
|---|----------------|------|---|----------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

24. Тұқым тазалайтын техниканы және тұқым дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, элиталық тұқымның жоспарланған көлемін өндіру жөніндегі жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы.

25. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырманардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

26. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдардың кондициялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналын (ол нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс) жүргізу.

27. Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының кемінде үш жыл бойы сақталуын ұйымдастыру.

28. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі бар (орта білімнен кейінгі немесе жоғары), штат кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы.

29. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер элиталық тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

| № | Қорытынды нөмірі | Қорытынды күні | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Қорытынды тұжырымы |
|---|------------------|----------------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
4-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші, екінші және
үшінші көбейтілген тұқым
өндірушілерді, тұқым
өткізушілерді аттестаттау
қағидаларына
6-қосымша

Тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Занды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

2. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) / Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру құжаты:

1) жерге арналған акт (құжаттың нөмірі) _____;

2) жерге арналған актінің берілген күні _____.

6. Жер учаскесін жалдау шарты:

| № | Кадастрлық нөмірі | Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы | Меншік иесі (құқық иеленуші) | Құқық туындайтын негіз | Жалдау мерзімі |
|---|-------------------|--|------------------------------|------------------------|----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

кестенің жалғасы

| Жер учаскесінің алаңы (гектар) | Жерлердің санаты | Нысаналы мақсаты | Пайдалануға қойылған шектеулер мен ауыртпалықтар | Жер учаскесінің бөлінетіндігі | Жоспар шекарасындағы бөгде жер учаскелері |
|--------------------------------|------------------|------------------|--|-------------------------------|---|
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

7. Тұқым өндірумен тікелей айналысатын мамандардың бар-жоғы туралы мәліметтер:

| № | Маманның аты, әжесінің аты (бар болса), тегі | Білімі бойынша мамандығы | Лауазымы | Мамандығы бойынша жұмыс етілі |
|---|--|--------------------------|----------|-------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

8. Өндірілген тұқымдардың саны мен сапасын есепке алу құжаттарының болуымен растау жолымен тұқым шаруашылығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (бұл талап жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды):

| Құжаттың атауы | Бар-жоғы туралы мәліметтер (бар/жоқ) |
|---------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 | 2 |
| Егістерді байқаудан өткізу актісі | |
| Кіріске алу актісі | |
| Тұқымның кондициялылығы туралы куәлік | |
| Тұқымдарды есепке алу журналы | |

9. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді жүргізу үшін егістік алаңының (суармалы жерлерде – сумен қамтамасыз етілген ауыспалы егістіктің) болуы.

10. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіру жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдігінің ерекшеліктерін ескере отырып, нақты топырақтық-климаттық аймаққа арналған ғылыми негізделген ұсынымдарға сәйкес енгізілген тұқым шаруашылығы ауыспалы егістерінің болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

11. Жалпы егіс алаңының кемінде 15 пайызы тұқым шаруашылығы егістері болуы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

12. Тұқым шаруашылығы жүргізілетін өңдеп-өсірілетін дақылдардың саны 4-тен көп болмауы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

13. Аттестаттау нысанасына сәйкес тұқым шаруашылығы жүргізілетін әр дақыл бойынша сорттардың саны 5-тен көп болмауы (жүгеріні қоспағанда), жүгері бойынша 9 -дан көп болмауы (бұл талап жеміс-жидек дақылдары, жаңғақ жемісті дақылдар мен жүзімнің көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

14. Аттестаттауға өтініш берген сәттен бастап элиталық тұқым өсіру шаруашылығымен кемінде үш жыл мерзімге және (немесе) тұқым өткізушімен кемінде екі жыл мерзімге жасалған, "Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін және Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің перспективалы сорттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 30 шілдедегі № 434 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5759 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 434 бұйрық) бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды өндіру үшін түр-түрде және көлемде енгізілген сұрыптардың элиталық тұқымдарын жеткізу туралы шарттың болуы (бұл талап бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өндірушісі элиталық тұқым өндіруге аттестатталған сорттарға қолданылмайды).

| № | Шарт нөмірі | Күні | Тұқым жеткізушінің толық атауы | БСН/ЖСН | Мекенжайы |
|---|-------------|------|--------------------------------|---------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

15. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері селекциясы саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарында тәжірибесі бар жеке немесе заңды тұлғалармен жасалған бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндіруді ғылыми сүйемелдеуге арналған шарттың болуы (бұл талап ғылыми қызметті жүзеге асыратын тұқым өсіру шаруашылықтарына қолданылмайды):

| № | Шарт нөмірі | Күні | Заңды тұлғаның толық атауы/ жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | БСН/ЖСН | Мекенжайы |
|---|-------------|------|---|---------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

16. Нақты агроэкологиялық аймақ үшін ұсынылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өңдеп-өсіру агротехнологиясын сақтау.

17. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған тұқым өсіру шаруашылығы аумағында карантиндік объектілердің болмауы, бұл ретте карантиндік объектілер тұқым өсіру шаруашылығының аумағында аттестаттау сәтіне дейін кемінде үш жыл кезеңінде де болмауы тиіс:

| № | Қорытынды нөмірі | Қорытынды күні | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Қорытынды тұжырымы |
|---|------------------|----------------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

18. Тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар кемінде бір агрономның болуы.

19. Дақылдар мен сұрыптар бойынша сұрып жаңарту жоспарының болуы.

20. № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарын өсіру жөніндегі схемалардың болуы (бұл талап жаңғақ жемісті дақылдардың көшеттерін өндірушілерге қолданылмайды).

21. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымның жоспарланатын мөлшерін өндіру үшін түр-түрде және көлемде № 434 бұйрыққа енгізілген сұрыптардың бастапқы тұқымдық материалының болуы.

22. Тұқым тазалайтын техниканы және тұқымды дәрілеуге арналған техниканы қоса алғанда, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдардың жоспарланатын көлемін өндіру жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз етуге арналған меншік, лизинг немесе мүліктік жалға алу құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы ауыл шаруашылығы техникасының болуы.

23. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі

қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, қатты жабыны бар жабық алаңдардың, жеміс, жидек дақылдарының, жаңғақжемісті дақылдардың және жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

24. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің әр сұрыбы бойынша өндірілген, өткізілген және өз шаруашылығында пайдаланылған тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды (себу, егістерді қабылдау және (немесе) байқаудан өткізу, тұқымды жинау, кіріске алу, тазалау және өңдеу, өткізу актілері, тұқымдарға арналған аттестаттар, тұқымдарға арналған куәліктер, тұқымдардың конденциялығы туралы куәліктер, тұқымдарды есепке алу журналын (оның нөмірленуі, тігілуі және оған тиісті ауданының жергілікті атқарушы органының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс) жүргізу.

25. Тұқым шаруашылығы бойынша есепке алу материалдарының бір жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
5-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші,
екінші және үшінші
көбейтілген тұқым
өндірушілерді,
тұқым өткізушілерді
аттестаттау қағидаларына
7-қосымша

Тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны

1. Занды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

2. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) / Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)

3. Телефоны _____

4. Электрондық почтасы _____

5. Жоспарланған жұмыс көлемін білікті түрде орындау үшін тиісті білімі (орта білімнен кейінгі немесе жоғары) бар, штат

кестесінде көзделген мамандар санының, оның ішінде кемінде бір агрономның болуы:

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| № | Маманның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Білімі бойынша мамандығы | Лауазымы | Мамандығы бойынша жұмыс өтілі |
|---|--|--------------------------|----------|-------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

6. Кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымын жеткізу туралы тұқым өндірушілермен (тұқымды шетелдік жеткізушілерден сатып алған (импорт бойынша) жағдайда) жыл сайын жасалатын шарттың болуы:

| № | Шарт нөмірі | Күні | Тұқым жеткізушінің толық атауы | БСН/ЖСН (бар болса) | Мекенжайы |
|---|-------------|------|--------------------------------|---------------------|-----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

7. Тұқым партияларын олардың араласуына жол бермей орналастыруға мүмкіндік беретін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған қырмандардың, тұқымдарды сақтауға арналған сыйымдылықтардың (қоймалық үй-жайлардың және (немесе) сүрлем үлгісіндегі қоймалардың және (немесе) бункерлердің), арнайы ыдыстың, жеміс, жидек дақылдары мен жүзімге арналған көму алаңдарының болуы.

8. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі барлық жұмыстар кешенін қамтамасыз ету үшін меншік, лизинг немесе мүліктік жалдау құқығындағы не сенімгерлік басқарудағы мамандандырылған техниканың болуы (бұл талап тұқымдарды ыдысқа салынған (буып-түйілген) күйде өткізетін тұқым шаруашылығы субъектілеріне қолданылмайды).

9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының әр партиясы бойынша өткізілетін тұқымның саны мен сапасын, шыққан тегін есепке алуды, тұқымның құжатталуын, нөмірленуі, тігілуі және тиісті жергілікті атқарушы органның тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторының қолы қойылуы тиіс тұқымдарды есепке алу журналын жүргізу.

10. Тұқымдарды сақтау және өткізу жөніндегі материалдардың кемінде екі жыл бойы сақталуын қамтамасыз ету.

11. Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдіктер сорттарының мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымдарын өткізген кезде "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес патент иесі (лицензиар) тұқым өткізушіге (лицензиатқа) селекциялық жетістікті уақытша пайдалану құқығын беретін лицензиялық шарттың болуы:

| № | Лицензиялық шарттың нөмірі | Күні |
|---|----------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |

12. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы растаған карантиндік объектілердің болмауы:

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | | |
|--|--|--|--|--|

| № | Қорытынды нөмірі | Қорытынды күні | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі | Қорытынды тұжырымы |
|---|------------------|----------------|--|--------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 258 бұйрығына
6-қосымша
Бірегей және элиталық
тұқымдар, бірінші,
екінші және үшінші
көбейтілген тұқым
өндірушілерді,
тұқым өткізушілерді
аттестаттау қағидаларына
8-қосымша

"Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді және тұқым өткізушілерді аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1) Аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлік алу үшін – 10 (он) жұмыс күні ішінде. 2) Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде – өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде. |

| | | |
|---|--|--|
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Аттестаттау туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Қызмет көрсетушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | <p>1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында.</p> |
| | | <p>Аттестаттаудан, қайта аттестаттаудан өту және аттестаттау туралы куәлік алу үшін:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №4-2/266 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11773 болып тіркелген) бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген</p> |

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау (қайта аттестаттау) жүргізу туралы өтініш;

2) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес бірегей тұқым өндірушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес тұқым өсіру шаруашылықтарына қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес тұқым өткізушілерге қойылатын талаптарға сәйкестік туралы мәліметтер нысаны.

Аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін:

1) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, аттестаттау туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) аттестаттау туралы куәліктің электрондық көшірмесі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер

1) көрсетілетін қызметті алушы аттестаттау жүргізу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) аттестаттау жүргізу үшін қажетті ұсынылған материалдардың,

| | | |
|----|---------------|---|
| | | <p>объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты аттестаттау жүргізу қызметіне тыйым салынғаны туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.</p> |
| 10 | Өзге талаптар | <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефондары : 8 (7172) 701 998, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.</p> |